

ЖОО-дағы тәрбиелеудің заманауи стратегиялары мен әдістері

2013 жылдың 22 қарашасы күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Кураторлар мектебінің ұйымдастыруымен кураторларға арналған «ЖОО-дағы тәрбиелеудің заманауи стратегиялары мен әдістері» атты дәріс өткізілді.

Дәрісті оқыған «Кәсіптік білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к А.К.Асаубаева қазіргі білім беруді жетілдіру, адамның интеллектуалдық белсенділігін жоғары деңгейге көтерудің жолдарын қарастырып, студенттерді тәрбиелеудің әртүрлі мәселелерін талдады. Дәрістің соңында оқытушыларға студенттердің шығармашылық белсенділігін, қабілетін анықтау бағытында жаттығу-тренинг көрсетілді.

